

Қарағанды мемлекеттік медициналық университеті.

Дәрігерге дейінгі дайындық кафедрасы.

СӨЖ

Тақырыбы: "Дене биомеханикасы туралы түсінік"

Орындаған: Акшалова И.Ж

Қабылдаған: Нұрғазина Л.С



Дене биомехананикасы.

Дене биомеханикасы дегеніміз- денененің кеңістікте қозғалуы.

Активті қозғалыс режимінің түрлері :

- 1.Еркін.**науқас өзі еркін қозғалады, аурухана ішінде және маңаиында науқас өзі еркін қозғалады.
- 2.Палаталық.**науқас көп уақытын төсекте өткізеді, тек бөлме ішінде қозғала алады.
- 3.Жартылай төсек қалпы.**науқас барлық уақытын төсек жағдайында өткізеді. Жеке бас гигиенасын өткізгенде медбикенің көмегін қажет етеды.
- 4.Төсек қалпы.**Науқас тек қана төсек жағдайында болады, азғана отырады, бұрылады.
- 5.Қатаң.**Науқасқа қозғалуға, тіпті төсектің бір жағынан екінші жағына қозғалуға қатаң тиым салынады.



Науқастын төсек жағдайындағы қалпының түрлері.

Активті

Науқас оңай және еркін қозғалады.

Пассивті

Науқас өз еркімен қозғала алмайды.

Мәжбүрлі қалпы

Науқас ауырсынуды басу үшін өзіне ыңғайлы жағдай қабылдайды.

Науқасты қолынан қармау арқылы көмек көрсету.

Кезеңі	Тұжырымдалуы
Науқасқа қолын кеудесыне қысып ұстауын сұранамыз.	Бұл науқастын дене биомеханикасын қалыптастырады.
Науқастын артқы жағынан тұрып қолтық астына қолымызды енгіземіз, білезік сүйегі аймағынан ұстаимыз. Қолының ауырсынуын ескеру керек.	Бұндай қармау медбикенің дене биомеханикасын қалыптастырады.
Науқастын ыңғайлы орналасқанын ескеріп, қолымызды ақырындап жібереміз.	Науқастын ауырсынуына жол бермеу керек.
Қолды жуып ,кептіреміз	Инфекциянын алдын алу.

Науқастын жүру кезінде көмек көрсету.

Қолданылуы:инсульт,жарақат алған науқастарға көмек көрсету.

Кезеңі	Тұжырымдалуы
Науқастын жанына тұрып,оң қолын оң қолынмен сол қолын ,сол қолынменызбен ұстау керек.	Науқас қолын тігінен,бас бармағын бүгіп алақанын медбикенің алақанына сүейді.
Екінші қолыңызбеннауқастын шынтақ аймағынан немесе бел аймағынан ұстап көмектесу.	
Науқастын өзін ыңғайлы сезінуіне назар аударыңыз.	
Қолды жуып,кептіру.	Инфекциянын алдын алу.

Сырқатты бөлімшеге тасымалдау.


Науқасты тасымалдау жолдары.

- Зеңбілмен
- Кресло-каталкамен
- Қолға алу
- жаяу




Науқасты каталкамен тасымалдау.

- Каталканы кушеткаға көлденең қойыңыз-каталканың бас жағын кушетканың аяқ жағына .
- Үшеуі де науқастың бір жағына тұрады:
 - А)біреуі –науқастың басы мен жауырыны астына қолдарын салады;
 - Б)екіншісі-жамбас пен санның жоғарғы жағынан;
 - В)үшіншісі –санның орта жағынан және балтырынан.
- Бөлімшеге каталканың бас жағынан төсектің аяқ жағына келтіріңіз, науқасты ушеулеп көтеріп 90 градусқа айналып, төсекке жатқызыңыз.



Науқасты кресло-каталкамен тасымалдау.

- Кіші мейірбике аяқ тұғырына аяғымен кресло-каталканы алдына еңкейтеді.
- Науқастың аяқ тұғырына тұруға сұраңыз, содан соң науқасты суеп креслоға отырғызыңыз.
- Кресло каталканы негізгі орнына келтіріңіз
- Тасымалдауында науқастың қолдары кресло-каталканың сыртына шықпауын байқаңыз.



Науқастың фаулер қалпында орналасуы.

Фаулер қалпы функционалды және қарапайым төсекте орындалады. Бұл науқастың мәжбүр қалпында ойық жарасының, төсектегі физиологиялық уланудың алдын алу үшін жасалады.



Процедураның орындалуы.

- Төсектің медбике орналасқан жақтағы тіреуішін түсіру.
- Науқастың төсектің ортасында арқасымен тік жатуына назар аударыңыз,жастықты алып тастаңыз.
- Үш жастық қою керек.Төсекте тігінен отырған адам фаулер қалпында болады.
- Жастық немесе бүктелген көрпені науқастың балтырының астына қою.
- Науқастың бел аймағына жастық қою.
- Науқастың табанының астына кішігірім жастық қою.
- Табанға 90 градусқа тірелуын қамтамасыз ету.
- Еңғайлы жатқанына назар аударыңыз.
- Қолды жуып,кептіру.



Науқастың симс қалпында орналасуы.

Бұл қалып науқастың етбетінен және бір бүйіріне жатқанда орындалады. науқас шамалы ғана көмектеседі.

Қолданылуы: науқастың мәжбүрлі және пассивті қалпында, ойылудың алдын алу үшін қолданылады.



Процедураның орындалуы.

- Төсектің медбике орналасқан жақтағы тіреуішін түсіру. Науқастың төсектің ортасында арқасымен тік жатуына назар аударыңыз,жастықты алып тастаңыз.
- Науқасты төсектің шеткі бұрышына ауыстырыңыз.
- Науқастыбір бүйіріне және шамалы ішімен жатқызыңыз.
- Бір жастықты науқастың басына қою.
- Екіншісін бүгілген аяғының астына қою.
- Табанының астына кішкентай құм салынған қапшық қою.
- Еңғайлы жатқанына назар аударыңыз.Жаймасын тегістеп жазу.
- Тіреуішті көтеру.
- Қолды жуып,кептіру.



Тыңдағандарыңызға
рахмет!

